

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 07 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 сәуірде N 3233 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің 2015 жылғы 9 маусымдағы N 18 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің 09.06.2015 N 18 шешімімен (алғаш ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабы 1 тармағы 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 4 бабы 5 тармағы 3) тармақшасына, 48 бабына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Корнеевка селолық округінің Корнеевка селосының аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесінің аудандық аумақтық кіші жүйесі қызметінің төтенше жағдай тәртібі енгізілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімінің жетекшілік ететін бағыттары бойынша орынбасарына жүктелсін.

4. Осы шешім оны алғаш жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Әбішев